



НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВ
(1890 – 1945)

Нартай Бекежанов(1890 – 1945) – ақын, композитор. Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Он жасынан ән салып, өлең айта бастайды. Бай - молдаларды шенеген (“Сараң байға”, “Мырзалық емес”), барымта әмеңгерлікті әшкерелеген. (“Жесір дауы”), жалшыларды батылдыққа, қайсарлыққа шақырған өлеңдер шығарды. Ақындар айтысында Н. Баймұратовпен, Қ. Байболовпен өнер сайысына түсті. Ақын халық әндерін шебер орындаумен қатар өзі де әндер (“Толқын”, “Нартай сазы”, “Өсиет терме”) шығарды. Нартай өмірінің соңғы кезеңіне дейін өткір идеялық құрал өнер мен мәдениетті дамыту жолында күресті. Ол туралы Мұхамеджан Рүстемов “Нартай” повесін жазды.



Өмірі

Анасы Бақтыгүл, ағасы Мансұр ақын болған. Сауықшыл ауыл дәстүрін өнеге тұтқан өнерлі бала он жасынан ән салып, өлең айта бастайды. 1935 жылы Шиелі қыстағында ашылған балалар үйіне көркем-өнерпаздар үйірмесінің жетекшісі болып орналасады. Бірер жылдан кейін Қызылордада ұйымдастырылған концерт-эстрада бюросына шақырылады, өмірінің ақырына дейін сонда қызмет істейді. 1939 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің ашылу құрметіне болған этнографиялық концертке қатысып, академиялық Үлкен театр да ән шырқап, жыр толғайды. «Қызыл Москва» деген толғауы осы тұста шығарылды. Республикалық ақындар айтысына қатысып, Нұрлыбек Баймұратовпен өнер сайысына түседі. 1946 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне қатысады.

Еңбегі

Шығармаларының жинағы екі дүркін жеке кітап болып басылды. 1982 жылы «Жазушы» баспасынан «Өсиет» деген атпен өлеңдер, дастандар, айтыстар енген жинағы жарық көрді.





Жетістіктері
«Құрмет Белгісі»
орденімен,
медальдармен, Қазақ
КСР Жоғарғы
Кеңесінің Құрмет
Грамотасымен
марапатталған. «Қазақ
КСР-інің еңбек
сіңірген өнер
қайраткері» атағы
(1939) берілген.





ҚЫЗЫЛОРДА

09:40 ҚАЗАҚСТАН

ТЕАТРДА БАЛАЛАР БӨЛМЕСІ АШЫЛДЫ

KAZTRK.KZ

АСТАНА КҮНІНЕ ОРАЙ САУДА ЖЕЛІЛЕРІНДЕ МЕРЕКЕЛІК АҚЦИЯЛАР ӨТЕДІ

Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық музыкалық драма театрында балалар бөлмесі ашылды



Нартай Бекежановтың мемориалдық өнер музейі 1990 жылы салынып, 1993 жылдың 25 қазанында пайдалануға берілді.

Музей целикат қышынан салынған, екі қабатты, екі күмбезді шығыс әшекейімен безендірілген. Музейдің жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен роль атқарады. Көне заман ескерткішінің үлгі, нұсқаларын жинақтаушы, сақтаушы, насихаттаушы және мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, осы негізде қоғам мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін ғылыми – мәдени және рухани мекеме.

Нартай Бекежановтың мемориалдық өнер музей облыстық атқару комитеті 1990 жылғы № 23 қаулысына сәйкес Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Нартай Бекежановтың мемориалдық өнер музейінің негізі ретінде құрылды. 2005 жылы Н.Бекежанов мемориалдық өнер музейінің күрделі жөндеуден өтіп, Нартай өрт дабыл қондырғыларымен жабдықталынды. 2007 жылы қазан айында музей ішіне рэкспозиция жүргізілді.

Музей көлемі : Нартай музейінің жалпы көлемі 384,1 шаршы метр, арнайы шығыстық әдіспен соғылған, әшекейленген екі қабатты, екі күмбезді үйде орналасқан. Музей үйі негізінен 2 – қабатты көрме залынан тұрады: Музейдегі барлық экспонаттар саны: 14683 дана. оның ішінде негізгі қор 8867 дана. көмекші қор 5816 дана.



